



№51 (9938)
27 маусым
сейсенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш Жаршысы



Құттықтау

Құрметті баспасөз саласының өкілдері,
сала ардагерлері!

Сіздерді 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Ақпарат майданы сарбаздарының еңбегін ерекше құрметтеймін. Қазір экономикалық, саяси және қоғамдық үдерістердің даму қарқыны біздің өмірімізде ақпараттың маңызды орын алатынын дәлелдеді.

Ақпарат құралдары қызметкерлерінің қоғамда болып жатқан әрбір жағдайға байыпты ұстанымдары, терең талдамалары халықты дұрыс жолға бағыттауы қажет және солай болып та келеді. Осы ретте аудандағы ақпарат құралдары қызметкерлерінің, қаламгерлеріміздің еңбегі ерекше құрметке лайық деп білемін.

Бұқаралық ақпарат құралдары – халықтың үні. Сондықтан бүгінгі мереке тек баспасөз қызметкерлерінің ғана мерекесі емес, барша оқырман қауымының мерекесі десек те болады. Аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясын аудандағы жалғыз рухани орталық десек жарасады. Оның төңірегіне ондаған жылдар бойы өнерге, әдебиетке бейім жастар топтасуда. Осы жерден қанат қағып, облыс, республика көлеміне шығып кеткен ақын-жазушыларымыз қаншама.

Аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің ұжымы аудан халқына ақпараттық қызмет көрсетуде ел бірлігі мен ынтымағын арттыруға, жаңарудың тиімді саясатын насихаттауға өз мүмкіндігі деңгейінде жұмыс жүргізіп келеді. Газет 3 мың таралыммен аптасына 2 рет шығып, оқырмандарымен қауышады. Аудан өмірінде болып жатқан жағымды жаңалықтар мен насихаттық тұрғыдағы іс-шаралар, тәлім-тәрбие, заң және құқық, руханият, денсаулық мәселелерін қамтып, халықты көбірек ақпараттандыру бағытын ұстануда.

Құрметті қаламгерлер, журналистер,
баспасөз қызметінің ардагерлері!

Төл мерекелеріңіз тағы да құтты болсын! Шығармашылық табыс, мықты денсаулық, отбастарыңызға амандық, береке-бірлік тілеймін. Қаламдарыңыз мұқалмасын!

Аудан әкімі Асқарбек ЕСЖАНОВ



Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары,
қадірлі ағайын!

Бүкіл ісі мұсылман қауымының ортақ та ұлық мерекесі Құрбан айт құтты болсын!

Құрбан айт – бүкіл ислам әлемі, түркі жұрты үшін маңызды мереке. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы қасиетті ислам жолымен жүріп келеді. Ислам дінімен біздің ұлттық құндылықтарымыз сабақтас, олар бір-бірін қайталамай, керісінше толықтырып отырады. Біздің өмірімізден маңызды орын алатын сондай құндылықтардың бірі – Құрбан айт мерекесі.

Қазақ халқы ықылым заманнан Құрбан айт мерекесіне ерекше мән берген. Әлсізге қамқорлық, жетім мен жесірге көмек, қайырымдылық, адамдардың бір-бірін ренішін көшіруі сияқты қасиетті де сауапты істер осы құрбан айттан бастау алады. Осындай сауапты істер адамдардың жүректеріне мейірім мен рахым сыйлап, ой-санасын ақиқатқа жетелейді.

Құрбан айт – діни мереке, бірақ бұл келешек ұрпақты адалдыққа, имандылыққа тәрбиелейді, жақсылықтарға жетелейді. Сондықтан мән барлығыңызды осы мерекемен құттықтай отырып, ислам қағидаттарын дұрыс түсініп, ата-бабаларымыздың жолына, дінімізге адал болуға шақырамын. Егемен еліміздің ертеңгі ұрпағын бүгіннен бастап парасаттылыққа тәрбиелеу – біздің парызымыз.

Ислам ақ ниетті адамды алаламайды. Алла тағала бізге діни бірлік, имандылық, салауаттылық, татулық берсін. Еліміздің көк байрағы биік болсын! Отбастарыңызға қуаныш, береке, бірлік тілеймін. Құрбан айт мерекелеріңіз тағы да құтты болсын, ағайын!

Аудан әкімі Асқарбек ЕСЖАНОВ

Салтанатты шара

Қызылордалық қаламгерлер құрмет төрінде

СЫР ЕЛІНДЕ
БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІНЕ
АРНАЛҒАН «ҚАНАТТЫ
ҚАЛАМ – 2023» МЕРЕКЕЛІК
САЛТАНАТТЫ ШАРАСЫ
ӨТТІ. АЙМАҚ БАСШЫСЫ
НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВ
ЖУРНАЛИСТЕРДІ ТӨЛ
МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАП,
АҚЖАРМА ТІЛЕГІН
АРНАДЫ.

Облыс әкімі ақпарат ағынынан қалмай, өз көрмендері мен оқырмандарына адал қызмет етіп, мамандығын қадір тұтқан журналистердің қоғамдағы алар орнына ерекше тоқталды.

– Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбында Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында: – Масс-медиа – елімізді жаңғырту ісіне ерекше ықпал ететін сала. Сондай-ақ билік пен қоғам арасындағы пәрменді байланыс құралы. Ақпарат құралдарында түрлі көзқарастар тоғысады. Оны қоғам тынысының барометрі деуге болады. Осы саладағы өзекті мәселелерді шешу үшін ақпарат саясатын түбегейлі қайта қарау қажет, – деп айтқанын білесіздер. Бүгінде «Масс-медиа» деп аталатын жаңа заң қоғамда кеңінен талқылануда. Бұл жобаның БАҚ өкілдері үшін маңызы зор болмақ.

Сыр өңірінен шыққан жүздеген журналист әлемнің түкпір-түкпірінде, еліміздің әр өңірінде, өз өлкемізде абыройлы қызмет етуде. Олар ел өміріндегі әр жетістікті өз жетістігіндей көреді. Қиындықты жүрегімен қабылдап,



әр сәтті қалт жібермеуге тырысады. Барша баспасөз, теледидар, радио, интернет басылымдары қызметкерлерінің еңбегіне шығармашылық табыс, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға құт-береке, амандық тілейміз, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Аймақтың ақпарат саласының дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар БАҚ өкілі облыс әкімінің арнайы марапатына ие болып, құрмет төрін көрді. Қызылорда қоғамдық телеарнасының құрылтайшысы, ақын Шәһизада Әдікәрімов Қызылорда

облысының құрметті азаматы атанды. Бірқатар БАҚ қызметкеріне облыс әкімінің, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің марапаттары табылды. Мұнан бөлек 20 БАҚ өкіліне түрлі номинация, 10 сала ардагеріне шипажайға жолдама берілді. С.Бермағанбетов атындағы жас журналистер байқауының жеңімпаздары да арнайы марапат алды.

Айта кетейік, салтанатты шарада марапат төрін көрінген журналистер арасында әріптесіміз, Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газе-

тінің тілшісі Ерлан Созақбаев та бар. Ол бүгінгі жиында «Ел тынысы» номинациясына ие болды.

Бүгінде облыстың медиа кеңістігінде 148 бұқаралық ақпарат құралы жұмыс жасауда. Оның 13-і мемлекеттік болса, 135-і – тәуелсіз. Олардың ішінде 120-сы – газет, 25-і – интернет-сайт пен ақпараттық агенттіктер, 3-еуі телеарна, 137-сі облыстық, 2-еуі қалалық, 9-ы аудандық деңгейде ақпарат таратады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Құрбан айт қабыл болсын

Құрбан айт мерекесінің тарихы сонау Ибраһим пайғамбардың тұсынан бастау алады екен. Содан бері асыл дінімізде дәріптелген діни дәстүр жалғасын тауып, күллі мұсылман қауымының қанына сіңген қасиетке айналды. Асыл дінімізде Алланың берген нығметіне шүкіршілік етіп, орнымен жұмсап, шүкіршілігі ретінде Алла разылығы үшін белгілі бір мөлшерін мұқтаждарға беру керектігін де ескертеді. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде де қайыр-садақа ретінде не берсеңдер де өздерің үшін жақсы болады. Не берсеңдер де тек Алланың разылығы үшін берулерің керек. Ізгілік жолында не жұмсаңдар да соның бәрі өздеріңе толық қайтарылады және сендер әділетсіздікке ұшырамайсыңдар деген. Расымен әр адамның істеген ізгі амалы өзіне пайда береді деген.

Биылғы күллі мұсылманның ұлық мерекесі Құрбан айт 28-30 маусым күндері аталып өтеледі. 27 маусым – арапа күні. Аудандағы айт намазы аудан орталығындағы «Иманқұл» мешітінде таңғы сағат 6.00-де басталады. Жалпы, Құрбан айтты атап өтудің мәні мен мағынасы зор. Құрбан айт – отбасы құндылығын арттыратын мереке. Ата-анаға, Құдай қосқан жарымызға, бала-шағамызға арнайы сыйлық беру, жаңа киім өлеуі мейрамын сәнін келтіріп, мәнін арттырады. Мұндайға ескелең ұрпақ Құрбан айттың қадірі мен сауабын сезініп, ізгілікке ұмтылады, мерекені асыға күтеді.

Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде пайғамбарымызға: «Намаз оқы, құрбан шал» деп өмір етіп, құрбан шалудың уәжіптігін білдірген. Құрбан шалудың уақыты айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Асыл дінімізде ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған мұсылман адамға, тұрғылықты мекен-жайында болған адамға, нисап мөлшеріне шамасы келетін адамға міндеттеледі. Қой, ешкі, сиыр және түйені құрбандыққа шалуға болады. Сиыр



немесе түйені жеті кісі бірігіп, ортақ шалуды шариғатымыз құптайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Соқырлығы анық белгілі соқыр, ауруы белгілі аурушан, яғни жүре алмайтындай дәрежеде болған ақсақ және жілік майы жоқ өте арық малдар құрбандыққа жарамайды» деген. Яғни құрбандыққа шалынатын малдың да жарамдысы, жарамсызы болады деген сөз. Жоғарыда аталған жағдайдағы түлік түрлері құрбандыққа шалуға келмейді.

Негізі мұсылман адам тілімен де, қолымен де басқаларға зиян келтірмейтін болу керек. Сол секілді құрбандықтың орындалу тәртібіне де баса назар аудару керек. Мәселен, пышақты малға көрсетпей қайрап ақелу, малды сол жамбасымен жақтызу, кеудесімен Құбылаға қарату, құрбан шалуға ниет ету, «Бисмилла, Аллаху ақбар!» деп айту, малдың өнеш, кеңірдек, екі жағындағы екі тамырын қоса кесу, малдың қаны толық ағып болғанша және жаны шыққанға күту керек. Құрбандыққа шалынған малдың үштен бірі өз отбасына, бала-шағасына, үштен бірі туған-туыс, көршілеріне, ал қалған үштен бір бөлігі кедей және мұқтаж

адамдарға үлестірілуі керек. Бұл жерде ескеретін жайт, құрбандыққа шалынған малдың терісін, етінен қаспашыға қызмет ақысы ретінде берілмейді, теріні сатып ақшасын садақа ету қажет. Айта кету керек, шектік беру шариғи міндетті амал емес. Дегенмен қайтыс болған адамның қыран немесе о дүниелік кісіге құран бағыштау ниетімен Алланың разылығын көздеп құрбан шалуға болады. Осы тұста назарға алатын маңызды мәселе сойылатын мал Алланың ғана атымен бауыздалады. Қайтыс болған адамның атымен бауыздалған мал арам болып есептеледі. Кей өңірлерде осы шектік беру амалы құрбан айт намазынан кейін құрбандық ниетімен мал бауыздап, артынан құран оқыту және сол оқылған құранның сауабын марқұм болған жақындарына бағыштау үрдісі айналған десе де болады. Тағы бір ескеретін жайт, айт намазынан бұрын сойылған мал құрбандық болып саналмайды. Осы жөнінде адамзаттың асылы пайғамбарымыз «Кімде-кім айт намазынан бұрын құрбандық шалса, құрбандығын қайта шалсын» деп ескерткен еді.

Жалпы, Құрбан айт мерекесі мейірімнің мерекесі болуы керек. Бұл күні ренжіскендер татуласуы, үлкен жүректен шығатын игі істерді, сауапты амалдарды көбірек жасауды, жетім-жесірлерге қол ұшын созып, мұқтаж жандарға жәрдемдесуді мүмкіндігінше атқаруға тырысуы керек. Өйткені адам баласының дүниеге келудегі мақсаты – Аллаға құлшылық ету, Жаратушысына бойынсу. Ал құлшылықтың негізі мұсылманға міндеттелген бес парыздан тұрады. Өзгелерге жәрдем беру, қуанту, мейірім шуағына бөлей алу мен қайырымдылық жасау – мұсылманның кемелдену жолы.

Асыл дінімізде айтылғандай, құрбандық шалу тек мал бауыздаумен ғана шектелмейді. Онда адамның ішкі ниеті, шын пейілі, дінге бекемдігі, тақуалығы, басқаларға жанашырлығы таразыға түседі. Сондай-ақ пенденің пенделілігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да сыналды. Сондықтан барлық игі істің, ізгі амалдың бастауы ниет екенін әркез есте ұстау керек. Әңгімеіміздің тұздығында айтқан мысалымыз осы сөзімізді қуаттай түспек.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Сапар

Ауданда ауқымды жобалар



ӘКІМДЕРДІҢ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС АУДАН ӘКІМІ АСҚАРБЕК ЕСЖАНОВТЫҢ КЕНТ, АУЫЛДЫҚ ОҚРУГТЕРДЕГІ ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУІ ЕКІ КҮНГЕ ЖАЛҒАСТЫ. КЕЛЕСІ КҮНІ АСҚАРБЕК ТЕМІРБЕКҰЛЫ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНАН ШАЛҒАЙ ОРНАЛАСҚАН АҚҚЫР, ЖАҢАТАЛАП, Т.ЖҮРГЕНОВ, МӘДЕНИЕТ, МЫРЗАБАЙ АХУН АУЫЛДАРЫНДА, СОНДАЙ-АҚ КЕНТ ІРГЕСІНДЕГІ АҚСУ АУЫЛЫНДА, ДӘУІМБАЙ ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕ БОЛДЫ. ОНДА АСҚАРБЕК ТЕМІРБЕКҰЛЫ ӘДЕТТЕГІДЕЙ АШЫҚ АСПАН АСТЫНДА ЖИНАЛҒАН ҚАУЫМ АЛДЫНДА ТІК ТҮРЫП, ӨНІРДЕ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ, ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОБАЛАРДЫ БАЯНДАДЫ.

Шалғай ауылдың шаруасы ширақ

Аудан әкімі Асқарбек Есжановтың елді мекендер халқымен кездесуінде көбіне халықтың талап-тілегіне жол мәселесі арқау болған еді. Расында ауданда, оның ішінде ауылдық округтерде ішкі көшелердің сапасына қатысты мәселелер бар. Десе де соңғы жылдары оның шешімін табуға жасалған жұмыстар көңіл көншітеді.

Иә, Аққыр ауылында атқарылған жұмыс көп, ауқымды істер алда тұр. Мәселен, қазіргі таңда «Самара – Шымкент – Жаңаталап – Аққыр» аудандық маңыздағы автомобиль жолының 16 шақырымы күрделі жөндеуден өткен. Алдағы уақытта Ш.Есов, Ы.Ақырзаев, М.Ахметов, Н.Таспенев, Аққыр деген ішкі көшелеріне де күрделі жөндеу жүргізілмек. Шалғай ауылда демеушілер есебінен балалар ойын алаңы салынып, бүгінде пайдалануға берілді.

Өкінішке қарай екі мыңының жылдары ескі клуб ырысқан кеткен. Содан бері аққырлықтар үшін ауылдық клуб үлкен мәселеге айналған. Осы орайда өңір басшысы ауылға руханият орталығының салынатынын сөзге тиек етіп, жергілікті халықты бір қуантты. Алдағы уақытта елді мекенде 100 орындық ауылдық клуб құрылысы басталады, бүгінде бюджеттік өтінім ұсынылған.

Сонымен бірге ауыл тұрғындары үшкөлік полиция инспекторларының аудан орталығынан қатынап жұмыс істейтінін көтеріп жүрген. Әрине халықтың талабы орынды. Қылмыс кез келген сәтте орын алуы мүмкін. Ал ондай жағдайда үшкөлік полиция қызметкері заматында сол жерден табылып, дереу әрекет етуі тиіс. Бұл мәселе де аудан әкімінің назарынан тыс қалмады. Биыл шешімін табатын болды. Аққыр және тағы да басқа 9 ауылдық округтен үшкөлік полиция қызметкерлеріне тұрғын үй беріледі. Тиісті қаржысы да шешілген.

Сонымен қатар денсаулық сақтау саласы бойынша ауылда дәрігер маманының болмауы мәселеге айналған. Бетін аулақ қылсын, бір кісі ауыра қалса, орталыққа жету де оңай шаруа емес. Сол сәтте ауыл дәрігері болса, көмек көрсету тиімді болары сөзсіз. Әрине аққырлықтардың көтеріп отырған мәселесі орынды. Бұл бойынша ауданның бас дәрігері Еркебұлан Мақсұтов жауап берді.

Оның айтуынша, қазіргі таңда өңірде дәрігер мамандары тапшы, оның ішінде жастардың үлесі аз. Дегенмен қол қусырып отырмай, биыл ауданға 5 дәрігерді жұмысқа алу жоспарланған. Яғни мамандар қатары толығын жатса, міндетті түрде ауылға арнайы бір дәрігер бекітіледі. Бір қуантарлығы, ауыл емханасының инфрақұрылымдық әлеуеті жақсы, тек білікті дәрігер болса жеткілікті.

Аққырда күріш алқаптары болмаса да,

тұрғындар бақша өнімдерін өз ауласына егеді. Жасыратыны жоқ, бүгінгідей су тапшылығы туындаған тұста аяқ су мәселесі де қозғалатын заңдылық. Бірақ Асқарбек Темірбекұлы бұл мәселеге баса назар аударып, шешімін біржақты еткен. Ауылға облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы арқылы 2 дана су насосы алынған. Бүгінде насос орналастыру аймағының жер телімін рәсімдеуге аудандық бюджеттен қаржы қаралып, жерге орналастыру тапсырма беріліп, жері рәсімделді. Аяқ суға байланысты жоба-сметалық құжат әзірлеуге облыстық бюджеттен қаржы да бөлінді. Сондай-ақ оңтүстік коллектор арнасынан елді мекенге аяқ су өкелу мақсатында ұзындығы 12300 метр жаңадан канал қазылады, бүгінде бұған қатысты ЖСҚ әзірленуде.

Аяқ су қолжетімді болған соң, ауыл халқының тірлікпен айналысқысы келетіні заңдылық. Бұған Аққырдың өлеуеті толық жетеді. Егің, бау-бақша егемін десе, жер телімі жеткілікті, еңбектің көзін білетің, тірлікке төзімді азамат болсаң.

Әрине жерді игеру оңай шаруа емес. Оған мол тәжірибесі бар, жерді игерудің қыр-сырын білетін еңбек адамдары араласпаса тағы болмайды. Осы ретте айта кететін жайт, «Ер-Әлі» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов Аққыр ауылында бос тұрған жерлерді осы елді мекен тұрғындарымен бірлесіп игеру ниетті екенін жеткізді. Яғни жоңышқадан бастап бау-бақша өнімдеріне дейін егемін дейді. Осы шаруа үшін еңбек адамы ауылға арнайы келіп, халықтың алдынан да өтті.

Иә, мұндай ұтымды ұсынысты естіген аққырлықтар еңбектің көзін білетін адам болса, халық болып жұмыс жасайтын азаматты қашанда қолдайтынын жеткізді. Бұйырса, келесі жылдан бастап әуелі 150 гектар жерге бау-бақша өнімдері егілмек, сондай-ақ еңбекке тек ауыл тұрғындары тартылады.

Міне, ауызбіршілігі жарасқан аққырлықтардың тірлігі мығым. Ең бастысы, жасы да, қарты да еңбек етуге ниетті. Әрине аққырлықтар ауылды көркейтетін тек өздері екенін жақсы түсінеді. Жиын соңында ауыл тұрғындары өңір басшысының жұмысына көңілі толатынын жеткізіп, ақсақалдар бастасын берді.

Бірлігі жарасқан ауылдың тірлігі мығым

Жаңаталаптағы кездесуде аудан әкімі Асқарбек Есжанов ауданның, оның ішінде ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталды, аймақтың жағымды жаңалықтарын жеткізіп, алдағы атқарылар жоспарларымен бөлісті.

Ауыл тұрғындары тарапынан бірқатар мәселе айтылып, басшылық тарапынан жауап алынды. Тұрғындар ауылға

медициналық жедел жәрдем келігі қажеттілігін жеткізді және ауылға үшкөлік полиция инспекторын тұрақтандыруын сұрады. Сондай-ақ ұялы байланысты реттеу, интернет желісінің жылдамдығын арттыру қажеттілігі де назардан тыс қалмады. Ауылдағы білім ордасына Еңбек Ері Ұ.Еспановтың, көшеге ауыл азаматының есімін беру секілді мәселелер де сөз болды. Бұл мәселелер жөнінде Асқарбек Темірбекұлы тиісті бөлімдер мен мекеме басшыларына тапсырма беріп, заң аясында жедел арада шешуді тапсырды. Одан бөлек ауыз су тарату жүйесіндегі су жинайтын мұнараны жөндеу жұмыстары да жақын арада басталмақ.

Ауылда тындырымды тірлік көп. Мәселен, жайылымдық жерлердің жетіспеушілігін болдырмау, бау-бақша өнімдерін егуді жандандыру мақсатында №1-ТВ, №2-ТВ, №3-ТВ техникалық су ұңғымасы бұрғылануда. Құрылыс жұмыстары 70 пайызға орындалып тұр. Яғни алдағы уақытта ауыл халқы аяқ судан тапшылық көрмейді және қуарып кеткен шабындықтар мен мал жайылымы да бұрынғы қалпына келмек. Тұрғындардың бос уақытын қызықты өткізуге және талантты жасөспірімдерді өнерге баулуға жағдай туғызу үшін 100 орындық клуб құрылысы басталмақ.

Иә, жолына қарап, ауылдың тұрмысын пайымдай беруге болады. Өңір басшысы елді мекен жолдарының сапасына ерекше мән беруде. 1 жылдың ішінде бірнеше шалғай ауылдар бағытындағы жолдар, ішкі көшелер күрделі жөндеуден өтті, жоспарланғаны қаншама. Мәселен, бүгінде Жаңаталап елді мекенінің ішкі 3 көшесін, атап айтсақ, П.Қарақұллы, П.Қарақұллы1, П.Қарақұллы2 көшелерін жөндеу жұмыстарына ЖСҚ әзірленуде. Бұйырса, құрылыс жұмыстары басталмақ.

Ел болғасын мәселе туындайды, ал сол мәселенің шешімін табу бір бөлек. Ең бастысы, Жаңаталапта атқарылып жатқан ауқымды істер жоқ емес. Ал ауыл халқында жарқын болашаққа деген сенім мен ынтыңның мықты екенін байқауға болады. Ауыл ажарының күннен-күнге артып, әлеуметтік әлеуетінің жақсарып келе жатқаны көңіл қуантады. Енді аудан әкімінің бастамасымен қолға алынып жатқан жұмыстар кезек-кезеңімен жүзеге асса, онда ауылдағы мәселелердің барлығы біртіндеп оң шешімін табады. Өзгелерге үлгі болатын жаңаталаптықтар енді жерде ауызбіршілік танытып, ауылдың берекесін келтіріп отырса, елді мекеннің талай жетістіктеріне куә болармыз анық.

Жиын соңында ауыл ақсақалы сөз алып, аудан азаматтарына ақ батасын берді. – Барлығы бірлікпен, ұйымшылдықпен бітетін жұмыс. Қай жерде де ауылмен бірге болу, бір мақсатта жұмыс істеудің маңызы зор. Біздің осындай бейбіт заманда өмір сүруіміз қазақ халқының ұйыған ауызбіршілігінің ар-

қасында. Сондықтан осындай асыл қасиетімізден айырылмай, бірлікпен іс жүргізіп, бір-бірімізге тілеулес болсақ, талай белестерді бағындыратынымызға сенімдіміз, – деді ауыл ақсақалы.

Мақпалкөлде жарқын жобалар жетерлік

Аудандағы іргелі ауылдардың бірі – Темірбек Жүргенов ауылы. Бір қуантарлығы, ауыл жылдан-жылға көркейіп келеді. Тұрғын үйлердің жартысынан астамы жаңарған. Мүмкіндігінше көптеген мәселесін ауыл азаматтарының өздері шешеді. Белгілі кәсіпкер Әліби Бекжанов туған жерін түлетіп отыр. Десе де бюджеттің де қаржысын ұтымды пайдалануды жөн көреді. Оны ауыл көрінісінен-ақ байқауға болады.

Қайраткер атындағы саябаққа жиналған мақпалкөлдтердің көңіл-күйі көтерілді. Ауыл тұрғындары өңір басшысын жылы қарсы алды. Өйткені елді мекенде көтерілген мәселе аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлының жүйелі жұмысының нәтижесінде, жергілікті халықтың ауызбіршілігі арқасында дереу шешілді.

Биыл мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығы. Алашқа ортақ қайраткердің туған ауылынан Т.Жүргенов атындағы саябақ ашылады және қайраткер атындағы көше жөнделеді. Одан бөлек тозығы жеткен электр желілерін жаңарту, ауылдағы мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу және 8 көшені күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары жоспарланған. Мәселен бүгінде М.Нұрылдаев, Сәдір би, Д.Шотықов, А.Қожахметов, Достық, Т.Жүргенов, Тоғанас батыр, Ә.Құттыбаев көшелерін күрделі жөндеуге ЖСҚ әзірленуде.

Ауылда қай саланы алып қарасақ та өрлеу бар, өсу бар, даму динамикасы жақсы. Әсіресе жергілікті шаруашылықтар мол астықтан тау тұрғызып, жыл сайын рекордтық өнімге қол жеткізуде. Олар бүгінде егінді өртарпаптандыруға басымдық бере бастаған. Аяқ су мәселесі қат болып тұрған шақта бұл бастамасы ақылға қонымды.

Бүгінгің өзінде ауылда бірнеше әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда. Мәселен, Т.Жүргенов атындағы саябақ абаттандырылып, қазіргі таңда қабылдау комиссиясы түгендеу жұмыстарын жүргізуде. Балалар ойын алаңының ағымдағы жөндеу жұмыстары толық аяқталып, нысан пайдалануға берілген. Т.Жүргенов көшесіне тас төсеу жұмыстары аяқталған. Ауылдық клуб ғимаратына бейнекамера орнату үшін мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

Жайылымдық жерлердің жетіспеушілігін болдырмау, бау-бақша өнімдерін егуді жандандыру мақсатында басталған Жаңаталап және Т.Жүргенов ауылдарына 2 техникалық су ұңғымаларын бұрғылау құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталып, бүгінде 1 ұңғыманың бұрғылау жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары 70 пайызға орындалған.

Ел болғасын мәселенің туындайтыны рас. Аудан әкімі тұрғындардың толғандырып жүрген талап-тілектерін тыңдап, көтерілген мәселелер қатарын заңдылықтар аясында

шешуді жауапты сала басшыларына тапсырып, шешілу мүмкіндіктерін міндеттеді. Қоғамның талап-тілегіне сергек қарап, тұрғындардың мұң-мұқтажына ортақтаса білетін Асқарбек Темірбекұлы барлық айтылған мәселелерге бейжай қарамайтынын жеткізді.

Ауқымды жобалар ауылды түлетеді

Билік пен халықтың арасы жақындауы керек. Бұл – Президенттің тапсырмасы ғана емес, халықтың да талабы. Осы орайда аудан әкімі Асқарбек Есжановтың жұмыс сапары Мәдениет ауылында жалғасты.

Мәдениет – ең халық көп шоғырланған ауыл. Бұл ауылда да тындырымды тірлік көп. Көшелерінің көбісі күрделі жөндеуден өткен жаңа ауылдық клуб, жаңа балабақша және жаңа спорт көшені салынған, бүгінде жұмыс істеп тұр. 2 көшеге тас төселіп, елді мекенде су тарату жүйесінен аулапшілік су тарату жүйесінің құрылысы жасалып, қазіргі таңда қабылдау комиссиясы түгендеу жұмыстарын жүргізуде.

Дегенмен ел ішіндегі мәселенің барлығы түбегейлі шешімін тапқан жоқ. Халықтың мұң-мұқтажы бар. Алайда бұрынғыдай емес, күрмеуі тарқатыла бастады. Мәселен, тұрғындар тарапынан халыққа ауыз су беру уақытын ұзарту, аяқ су, жер пайдалану, көшелерге жарықтандыру жұмыстарын жүргізу жөнінде мәселелер көтерілді. Аудан әкімі айтылған түйткілді шаруалар өз ретімен шешімін табатынын жеткізді.

Мәселен, ауыз су бойынша аудандық оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі басшысымен келісіп, елді мекен бойынша сағат 7.00-11.00 және 15.00-19.00 аралығында ауыз су тұрақты беріледі. Сондай-ақ елді мекенде көшелерді жарықтандыру үшін ЖСҚ әзірлеуге аудандық экономика және қаржы бөліміне бюджеттік өтінім берілген. 2024 жылы қаржы бөлінеді деп күтілуде.

Сондай-ақ «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында ауылдағы аяқ су тапшылығын болдырмау мақсатында 2 млн теңгеге 2 насос және 2,7 млн теңгеге қажетті аяқ су құбырлары алынады. Ал ауылдың 3 көшесін жөндеу үшін жобалау сметалық құжаттары әзірленіп жатыр.

Ауылда жақсы бір үрдіс қалыптасыпты. Елді мекеннің көркін келтіруге ауыл азаматтары бірлесіп, ауызбіршілік танытып, қолдан келетін шаруаларды өздері қолға алуда. Мысалы, ауыл тұрғыны Махамедияр Қабилтаев өкесі Қабилтай Кешеров атынан ауылдағы Ж.Тайшиев көшесі бойынша 0,30 га жерге қоршау жұмыстарын жүргізіп, саябақ ашу мақсатында тал көшеттерін отырғызып, күтімге алған. Сонымен қатар 1983 жылы туған түлектер ауылдағы спорт мектебі жанынан 0,10 га жерге қоршау жұмыстарын жүргізіп, ағаш көшеттерін отырғызған.

Береке-ырысы бекем ауылда атқарылған жұмыс көп, шаруа да аз емес. Ең бастысы, осы сапарда әр адамның тұпқазығы, рухының бесігі, тамыры тереңге жайылған қазақтың дәстүр қаймағы бұзылмаған ауылдың ауызбіршілігінің мол екеніне көз жеткіздік.



ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ



Кәсіптің көзін тапқан ауыл

Елді мекендер әл-ауқатын арттыру қазіргі таңда өте өзекті мәселеге айналды...

1200-ден астам тұрғыны бар ауылға биыл республикалық бюджеттен 385,9 млн теңге бөлініп...

Бытыр «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында елді мекендегі Колхоз және Мәдениет көшелеріне жалпы құны 130 млн теңгеден астам қаражатты құрайтын жоба барысында екі көшеге асфальт төселген.

Қазіргі таңда Мырзабай ахун ауылының экономикалық даму жағдайы тұрақты. Ауылда мал шаруашылығы қарқынды дамыған...

Жалпы, Мырзабай ахун ауылында мал ұстап, оның енімін нарыққа шығаруда табысты өңбек етіп жатқан жандар аз емес.

Ақсулықтар көгілдір отынның игілігін көреді

Жалағаш ауданында атқарылған жұмыстармен халықты құлағард ету, сондай-ақ тұрғындардың ұсыныс-тілектерін тыңдау мақсатында аудан басшысы Асқарбек Есжанов елді мекендерді аралаған болатын.

Асқарбек Темірбекұлы ең әуелі ауданда атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарларды тілге тиек етті.

Иә, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы күнделікті қажеттілікке байланысты екені мәлім. Оның ішінде газдандыру мәселесі бар.

Нақтырақ айтсақ, Ақсу елді мекеніне газ тарату желілерінің және жеткізуші газ құбырының құрылысына облыстық бюджеттен 20 млн теңге бөлінген.

Сондай-ақ Ақсу елді мекеніндегі тұрғын үйлер секторының электр желілері құрылысына да республикалық бюджеттен 184,7 млн теңге қаралған.

Әулиелігімен қоса, емшілік қасиетімен де, қара қылды қақ жарар тұрашылдығымен де, қайырымдылығымен де дүйім жұртқа мәшһүр болған Беркімбай көлпе Бекниязұлы – халық жадында мәңгі жасайтын тарихи тұлға.

Ақсулықтар аудан басшысымен өткен көздесуде көтерген өзекті мәселелердің бірі қиреберіс жолға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу барысы болды. Аудан басшысы Асқарбек Темірбекұлы бұл мәселе бойынша да тиісті шаралар қабылданғанын, яғни ауылға қиреберіс аудандық маңыздағы автомобиль жолын орташа жөндеу бойынша облыстық бюджеттен 76,7 млн теңге бөлінгенін, жыл соңына дейін ел игілігіне пайдалануға берілетінін жеткізді.

Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына жастардың қосар үлесі зор.

Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына жастардың қосар үлесі зор. Бүгінде жастардың басым бөлігі кәсіпкерлікке бет бұруда.



Кентте кешенді жобалар бар

Ауданға қарасты 14 ауылды аралап, халықпен кездескен аудан басшысы халық алдындағы есеп беру сапарын аудан орталығындағы Дәуімбай елді мекенінде қорытындылады.

«Ауылына қарап, азаматын таны» демекші, біздің өңірге Асқарбек Есжанов басшылық еткелі ауданның, әсіресе ауылдық елді мекендердің дамуы едәуір ілгеріледі.

Иә, кент, ауылдар келбетінің көркеюі, оның ішінде құрылыстың белең алуы аудан дамуының көрінісі деген ебден болады.

Мәселен, қазіргі таңда Жалағаш кентіндегі М.Шөменов көшесіне күрделі жөндеу жұмыстары бойынша ескі жолды қырып, құм аралас тас төселіп, жаяу жүргіншілер жолы салынуда.

Кент тұрғындарының ұсынысына сәйкес Өмірбай шешен көшесі Мырзаиевтің Қалыбаев көшесіне дейін көзетіліп, тас төселді.

Жаңадан ашылған «Ақтөрек» ұжымда инженерлік инфрақұрылымының сұман жабдықтау құрылысы пайдалануға беріліп, газбен жабдықтау үшін құрылыс-монтаждау жұмыстары іске асырылуда.

Дәуімбай елді мекенінен 200-ден аса жасөспірім кент орталығына түрлі үйірмелерге, спорттық секцияларға қатынап оқиды екен.

Дәуімбай елді мекенінен 200-ден аса жасөспірім кент орталығына түрлі үйірмелерге, спорттық секцияларға қатынап оқиды екен.

Кездесуге жиналғандар арасында өздерін толғандырған сауалдарын қойғандар да аз болған жоқ.

Осы ретте аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы кент орталығын аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында биыл 6 насос алынғанын, Дәуімбай елді мекеніне 3 дана «АНС-130» насосын орнату жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Жұмын соңында кент тұрғындары Асқарбек Темірбекұлының Дәуімбай елді мекеніне арнайы келіп, халықпен жүздесуін ерекше атап өтіп, игі бастамаларына тілекші болды.

Әрине көз келген мәселенің шешімін табу қаражатқа келіп тірелетінін білеміз. Ауданға қаншама қаражат тартылып жатыр екен, Асқарбек Темірбекұлының жұмысына жақсы деген баға береміз.

Төксан сайын үрдіске айналған өкімдердің халық алдында есеп беру кездесуі елді мекен ахуалын жақ сартуға үлкен септігін тигізері сөзсіз.

Төксан сайын үрдіске айналған өкімдердің халық алдында есеп беру кездесуі елді мекен ахуалын жақ сартуға үлкен септігін тигізері сөзсіз.

Жандос ЖАЗКЕН Ақтоғы БҮРКІТБАЙ

ӘЙЕЛ ТЕНДІГІ – ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМ ӨЛШЕМІ

ЕЛІМІЗДЕ ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР ҮШІН ТЕҢ ҚҰҚЫҚ ПЕН ЕРКІНДІКТІ БЕЛГІЛЕЙТІН ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ӘЙЕЛДЕР МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДА, БИЗНЕСТЕ, ЭКОНОМИКАНЫҢ БАРЛЫҚ САЛАЛАРЫНДА ЕР АЗАМАТТАРМЕН ҚАТАР ЕҢБЕК ЕТІП КЕЛЕДІ.



Қазақ даласында Тәуелсіздік үшін арыстандай алысқан әйелдер аз болмаған. Әлем тарихында өшпес із қалдырған, ерлігімен қатар, даналығы аңыз болып қалған, бұдан екі жарым мың жыл бұрын өмір сүрген ұлы даладан шыққан сақтың батыр қыздары Томирис және Зарина тарихта қалды.

Ел егемендік алғаннан кейін мемлекетіміз әйелдер мәселесін жаңа заман талабына орай жаңаша қырынан көтере бастады.

Сонымен бірге гендерлік саясат «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңдармен реттеледі.

Тағы бір атап өтетін жайт, гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарында теңдестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау.

Көп жылдық тәжірибе көрсеткендей, гендерлік теңдік деңгейі жоғары болған сайын, отбасы мүшелерінің өздерінің тұрмыстық, экономикалық, адамгершілік-тәрбиелік, қорғаушылық және басқа да маңызды функцияларын орындауда жауапкершілігі, тепе-теңдігі мен нәтижелілігі жоғары болатыны айқын.

Г.БАЙКЕНЖЕЕВА, аудандық соттың жетекші маманы



«Жалағаш жаршысы» — бәсі биік басылым

«ЖАЛАҒАШ ЖАРШЫСЫ» ГАЗЕТИ – АУДАНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ШЕЖІРЕСІ. КӨП ЖЫЛДАР БҰРЫҢҒЫ ГАЗЕТ ТІГІНДІЛЕРІНІҢ САРҒАЙҒАН ПАРАҚТАРЫН АҚТАРСАҢЫЗ, БҰҒАН АНЫҚ КӨЗ ЖЕТКІЗУГЕ БОЛАДЫ.

Қарап отырсақ, аудандық газетте 40 жылға жуық уақыттан бері көптеген редакторлармен, қызметкерлермен бірге еңбек етіпті. Әр жылдары басылымға басшылық жасаған редакторлар З.Салықбаев, А.Кіребаяв, М.Ілиясов, Т.Тәшенов, К.Сүлейменов, М.Аяповтардың қарамағында қызмет атқаруым мен үшін үлкен мәктөп болды. Соларға қарап, сөйлеуді, жазуды үйрөндім, тағылым алдым. Сексенінші жылдары А.Тілеулиев,

І.Мустафаев, Е.Әбілов, Ж.Әбжәмилов, Б.Алпысбаева, М.Байназарова, фототілші Т.Ахметовтермен жұмыс істеп, газет шығарудың қызығы мен шығығын бірге көрдік. Ал тоқсаншы, екі мыңыншы жылдықта қатарымызға көліп қосылған Ф.Әбілда, Б.Ысқақова, Қ.Ахетов, фототілші М.Ахметовтермен бірге қызмет еттік. Әрине, редакторларым мен өріптестерім жайлы арақиді жазып жүрміз. Десе де осы мерейлі мереке қарсаңында да бұрынғы өріптестерім

жайлы олардың бітім-болмысы, ерекше қасиеттеріне қысқаша тоқталуды жөн көріп отырмын.

Зордан Салықбаев ағаның биязы мінезі мен салиқалы сөзіне, сөйлеу мәдениетіне қызығатынымын. Күнделікті тапсырмасын бермес бұрын алдымен отбасының амандығын, үйдегі үлкендердің жағдайын сұрап алады. Жылы жүзбен ашық пікірлесіп, айтар ойын астарлап жүрегіңе жеткізеді. Қанша ашуланғанмен артық сөйлеп, айқайға басқан кезін көрген емеспін. Жаныңды ұғып, жағдайыңды түсінетін. Қарамағыңдағы қызметкерлерді қорғап, қолдап жүретін мұндай басығы қалайша дән риза болмасын.

Асқар Кіребаяв ақын әрі, сері жігіт, өн мен әңгімені жүйелеп айтатын отырыстың гүлі еді. Талантты тани білетін ақын бұлақтың көзін ашып, жас талапкерлерді тәрбиелейді. Ақын ағамның өмірде де, қызметте де жолы болды. Халықтың тілің, қызметің, көсіптің көзін тапты. Жауапты басшылық қызметтер атқарды.

Мырзамұрат Ілиясов рухани таза, шынышыл әрі адал жан-тұғын. Сондай қадір-қасиетінің арқасында редакция ұжымы алдында өте беледелі болатын. Әңгіме арасында әзіл-қалжың айтып, күлдіріп отырушы еді. Ал жұмысқа келгенде үлкен жауапкершілікпен қарайтын. Тапсырманы тез әрі тыңғылықты орындауды ұнататын. Редактор болған кездері мақалала-

рымды тексеріп, қызыл сиямен қысқартып тастағанда кәдімгідей іштей ренжіп қалатынбыз. Сөйтсек, ол да сабақ екен ғой. Ол кісі халқымыздың тілің, дінің, салт-дәстүрің құрметтеп, насихаттап кетті.

Тау тұлғалы, мінезі тұйық, ісіне мығым Тұрсынбай Тәшенов сөзіне тұрақты кісі еді. Екі сөйлеп алдап кету, жағымпаздану қасиетінде жоқ. Өтірік, өсек сөз айтатын жұмысына жауапсыз қарайтын жандарға жаңы қас. Өкпелей қалса, назын өңменіңнен өткізіп, жүрегіңе жеткізіп тура көзінде қарап айтушы еді. Жүз ойлаң, мың толғанып сөйлейтін кісінің артық айтып, артынан ақталып жатқанын көрген емеспін. Көргені мен түйгені, өмірлік тәжірибесі мол нағыз көреген жандар осындай болса керек.

Кенжегара Сүлейменовтің жан дүниесі – терең, тұңғыш шежіре сыр. Адам бойына қажетті барлық қасиеттерді осы кісіден үйреніп, үлгі алуға болады. Жаны да, тәні де кіршіксіз таза азаматты көпшілік жақсы біледі. Қай жерде де психологиялық ахуал жақсармай жұмыс жүрмейді. Ол қызметкерлердің бірлігін сақтап, жағдай жасады. Журналистерді іс сапарларға шығып ізденіп, жұмыс жүргізуге еркіндік берді. Жарқын жүзбен қабылдап, жальынды сөздерімнен шабыт берді.

Ақын Мәлік Аялов – аудандық мәдениет үйі жанынан Ә.Оңалбаев атындағы әдебиет және өнер бірлестігін құрып, таланттарды тәрбиеледі. Қазіргі кездегі белгілі ақындар Айкүміс Орынбаева, Елена Әбдіхалиқова, Ғазиза Әбілдаева, Динара Мәлікәвалар секілді көптеген шәкірттері әлі күнге дейін ақын рухына тағзым етіп, құрмет тұтады. Қазір кім көп, ақын көп. Алайда шынықтан жалтармай, әділдікті ту етіп, ақиқатты айта алатын Мәліктей арқалы ақын жүректі ақын некен-бай. Мәлік ағамыздың ғұмыры қысқа болды. Бірақ жасындай жарқылдаған жальынды жарылары халқымен бірге жасай беретініне кәміл сенемін.

Аудандық тарихи өлкетану музейі ашылғанда А.Тілеулиев алғашқы директоры болды. Музейге тарихи экспонаттар жинап, жабдықтап көп еңбек сіңірді. Аудан тарихы, батырлары мен билері, еңбек адамдары жайлы зерттеп, бірнеше кітаптар шығарды. Солардың ішінде көп зерттеп жарыққа шығарған «Қарақұм көтерілісі» кітабы халықтың көңілінен шыққан еңбек болды.

Бексейіт Шайланов – Алматыдағы ҚазГУ-дің түлегі, мамандығы журналист, әрі ақын. Оның туған жер, махаббат, Отан тақырыбындағы лирикалық өлеңдері облыстық, республикалық газеттерде жарияланды. Көңілі дархан көпшілік жігіт еді. Газетте біраз жыл бөлім меңгерушісі болып істеген шебер журналист облыстық телевидениеге қызметке шақырылды. Осы облыстық телевидениеде жауапты қызметтер атқарды. Ақын – журналист Б.Шайлановтың жырлары мен шығармалары ұйымталып жарық көрсе, құнды еңбек болып қалар еді.

Ал Жұмабек Әбжәмилов мамандығы журналист, жазуға, сызуға бейім еді. Аудандық газет редакция жанындағы радио хабарын ұйымдастырды. Әдеби қызметкер, сектор меңгерушісі болды. Публицистикалық мақалалар мен очерктер жазды. Көп ұзамай жазу шеберлігі мен қарым-қабілетінің арқасында жауапты хатшы қызметіне көтерілді. Жауапты хатшылықты да жауапкершіліктен атқарып, дөңгелетіп өкетті. Амал қанша, Жұмабектің денсаулығы сыр берді. Сол кеселдің кесірінен қайтыс болды. Шүкір артында балалары ер жетіп, өмір жолын жалғастырып келеді.

Мен осындай әріптестеріммен қызметтес болғаным мақтанамын. Өйткені, газетте жүріп, қиын кезеңдерді, қызықты күндерді бірге өткіздім. Олар кезінде уақытпен санаспай уақытылы айлық жалақы алмаса да, жұмыс істеді. Мамандықтарын сүйіп, жұмыстарына жан-тәнімен берілген адал патриот болды. Редакцияда ежелден қалыптасқан қағида бар, ол – бірлік. Сол бекем бірлік пен адал еңбектің арқасында «Жалағаш жаршысы» газеті 89 жылдан бері жарық көріп, оқырмандарымен қауышып келеді.

Серік БЕРТАЕВ, ардагер журналист

Жақсыгүл Тәшенова, ардагер:

Бұл газеттің жолы да, жөні де бөлек

Ғасырға жуық тарихы бар, ауданның айнасы іспеттес «Жалағаш жаршысы» газеті талай белестен өтіп, көп асуларды бағындырды. Тарихы сонау 1934 жылдан бастау алатын басылым әр кезеңде ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайың, халықтың көкейіндегі түйінді мәселелерді көтерді. Әр жылдары еңбек еткен журналистер қауымы елдің қуанышын да, мұң-мұқтажын да қаламына арқау етсе, баспаханада газет беттеп, әріп терген қызметкерлердің еңбегі ерөн еді. Ол кісілер қазір бейнеттерінің зейнетін көріп отырған зейнеткерлер, сала ардагерлері. Осындай жандардың бірі, ардагеріміз Жақсыгүл Тәшенова апамыз да 1966 жылдан бастап осы редакцияда газет беттеуші болып қызмет атқарған. Талай жыл төл басылымның отымен кіріп, күлімен шыққан ардагер апамыз сол кездердің қиындығын да, қызықты сәттерін де жадынан өшірген емес.

Еліміз егемендік алған тоқсаншы жылдардан кейінгі нарық қиыншылығы газеттің уақытылы шығуы мен таралымына кері әсерін тигізгісі қойған жоқ. Сол жылдары жекешелеңдіру кезінде қаржының тапшылығынан бірқатар мекемелер жабылып, жұмыстарын тоқтатты. Аудан шаруашылықтарының көпшілігі таратылып, кіші шаруа қожалықтарға бөлініп кетті. Бюджеттік мекемелердің қызметкерлері мен зейнеткерлер жалақылары мен зейнетақыларын бірнеше айлап ала алмауына байланысты газеттің таралымы да күрт азайды. Бұрын аптасына үш рет шығып келген газет 1991 жылдың сәуір айынан бастап екі рет, 1992 жылдан бастап бір рет шығатын болды. Амал жоқ, аудандық газеттің жазылу қаржысын аудан шаруашылықтарынан ұң, күрші, шөп, мал алу арқылы азық-түлік түрлерімен есептесуіне тура келді. Соның салдарынан редакция мен баспахана ұжымы айлық жалақысын ала алмай алты айға, бір жылға азық-түлікпен есептесуге мәжбүр болған екен. Жағдайлары болмаған соң кей журналистер облыс, республикаға да жұмыс іздеп кеткен екен сол тұстары.

– Иә, қаржының жоқтығына қарағандың тапшылығынан баспаханада газет басып шығару да қиына соқты. Бұрын аптасына үш рет шығып келген газетімізді бір рет шығаруға тура келді. Оның үстіне жылу қазандығы ажыратылып, қыста баспахана цехтарында қолмен әріп теріп, газет басып шығару оңайға соқпады. Сол кездегі уақытпен санаспай жұмыс істеген баспахана қызметкерлерінің еңбектері нағыз ерлікпен пара-пар еді. Ол тұста материалдар баспаханада теріліп, қолмен беттеліп, баспа машинасы арқылы басылып шығатын. Газеттің уақытылы жарық

көріп, оқырмандарына жетуіне баспахана қызметкерлері де қомақты үлестерін қосты. Баспаханада әріп теруші мен газет басушының жұмыстары өте жауапты болды. Әріп терушілерге газет материалдарын мәкетке сай бекіту, қателерді түзету, қосымша тапсырыс бланкаларын жасап дайындау оңай болған жоқ. Ал баспа машинасына жүктелген газет пен тапсырыс бланкаларын басып шығару жөне оларға қағаз қыпп дайындау, теру машинасына металл ерітіп құю секілді жұмыс түрлері көп еді.

Сол тұста өріптестерім әріп терушілер Сайлауқұл Тәжікенова, Дәмеш Ахметова, Рая Кенжебаева, Тазағұл Ахметова, Злиха Сейтенова, Алтын Ізтілеуовалар мен баспа машинистері Жұмабек Уақбаев, Күлшейша Науыпова, Еркін Жұмабековтер ыждағаттылықпен жұмыс істеп ерөн еңбектің үлгісін көрсетті. Сондай-ақ теру машинасында жұмыс істеген Гүлстан Пірманова, Қоғажай Ергалиева, Маржан Баймаханова, Бақытқұл Ташкенбаева, Ақмарал Нұрғалиевалар газет материалдарын дер кезінде теріп беріп, тыңғылықты жұмыс атқарды. Кей күндері жарық сөніп қалып, әріп теру, қате жөндеу жұмыстары май шаммен атқарылатын. Сондайда редакция мен баспахана қызметкерлері түні бойы көз ілмей, газет шығарып, таң бозара үйлеріне қайтатын кездерін қалайша ұмытасың. Соған қарамастан газет кешкіртілмей оқырманға жетіп, қауышып жатушы еді, – деген ардагеріміз таң алдында жұмыстан шығып үйге барып, таңертеңгі шайымызда ішіп, сағат 9.00-де жұмысқа келіп міндетімізді атқарушы едік-ау деп еске алды сол күндерін.

«Жалағаш жаршысында» ұзақ жыл қызмет еткен қарымды қаламгер, газеттің байырғы редакторы, кейіп-

керіміз жақсыгүл Тәшенованың өмірлік серігі Тұрсынбай Тәшенов. Еңбек жолын қатардағы әдеби қызметкер болудан бастаған ол беріде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, редактор қызметін де аса жауапкершілікпен, абыроймен атқарды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Тұрсынбай ағай шығармашылықтан қол үзбеді, қаламын қолынан тастамады. Сол кездегі тарихты, ауданның шежіресін, бүгінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыруды мақсат тұтқан қаламгер өмірінің соңына дейін тынбай талай мақала жазды, еңбектері жарық көрді. Ол кісі сол өзі жұмысқа орналасқан жылдардан бастап газеттің әр нөмірін сақтауды әдетке айналдырыпты. 1966 жылдан бергі газет архиві бүгінде Тұрсынбай ағайдың шаңырағында сақтаулы тұр. Бұған дейін Тұрсынбай Тәшеновтің шаңырағына сөлем беріп барғанымда ол кісінің қолжазбаларымен танысып, сақтаулы тұрған газет тігіндерін көрген едік. Ол кісінің өмірлік серігі Жақсыгүл Тәшенова әр жылдардың газет тігіндерін рет-ретімен сөреден алып көрсетті. Нөмірімен, аса ұқыпталып жинақталған тігіндер әр кезеңдегі, әр жылдардағы ауданның тарихынан, шежіресінен сыр шертіп тұрды.

– Мен сол 1966 жылдан бастап газетте жұмыс жасадым. Баспаханада газет беттеуші болдым. Ол кездерде газет ауданнан басылып шығатын еді ғой, өзімізде баспахана болатын. Газет аптасына үш рет жарық көретін. Біз үшін ең ауырлау күн сол дүйсенбі күні еді. Кезекшілік аптасына екі рет келетін. Газет шыққан күні таң атқанша жүретінбіз. Сонда жас болғаным ба, әлде жауапкершілік жүргізу ауыр екенін жүрекпен сезіндік пе, әйтеуір жұмыстың ауырлығын сезсек те, жүре беретінбіз. Қазіргі



ардагер апаларың біздер ол кезде жас едік. Олар қара маймен біртіндеп, лентотипте әріп теретін. Жұмыс болғанын әртүрлі жағдай болады ғой. Қуаныш та, қиындық та, қызық сәттер де. Лентотиппен әріп теріп болған соң, баспа мәшinesінің тетігін бекітуді ұмытып кетіп, бірнеше рет дайын болған газет шашылып қалған кездер болған. Қазіргідей жаңа технологиялар жоқ қой. Сөйтіп жүріп 1992 жылы осы редакциядан зейнетке шықты. Түрсеңде де осы газетте ұзақ жылдар еңбек етті. Көзі тірісінде осы газет тігіндерін жинауды бастаған еді. Ретімең,

ұқыптап жинақтап жүретін «Мұнда қаншама тарих жатыр ғой» дейтін. Ол кісі зейнетке шықса да қаламын тастамады. Жата-жастанып жазатын да жататын. Жалағаш ауданының «Құрметті азамат» атанды. Өмірден өткеніне жыл толғанда «Сырда өскен шарыар» атты кітабы оқырман қолына тиді. Ол кісінің көзін қарашығындай көрген газеттерін әрі қарай да сақтау менің міндетім, – деген ардагер Жақсыгүл апамыз баспаханадағы өткен жылдарын өміріндегі орны бөлек кезең екенін айтты.

Диә, 1993 жылы 1 сәуірде «Жаңа-Дария» атауынан «Жалағаш жар-

шысы» атауына ауысқан газет бүгінгі күні аптасына екі рет жарыққа шығып келеді. Ауданның айнасы, жергілікті басылымның тарихы туралы сөз қозғасақ, бүгін айтып тауысу мүмкін емес. Әр жылдары басшылық жасаған редакторлар, әр кезеңдегі журналистердің өзі бір төбе. Ғасырға жуық тарихы бар басылым әлі күнге дейін маңызды мәселелерді көтеріп, халық пен билік арасындағы алтын көпір бола алды.

Нұржамилла АЛМАСҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 1010